

**«Общественная позиция»
(проект «DAT» № 06 (43) от 10 февраля 2010 г.**

АПАТ

СЕМЕЙГЕ ЖҰТ ТАҚАП ҚАЛДЫ

Шығыс Қазақстанда қыс кәріне мініп тұр. Өңір халқы суықтан әбден титықтаған. Жергілікті жұрттың мүшкіл халін айтып, редакцияға қоңырау шалғандар да көп. Олардың айтуына қарағанда, қыстың қаһары тағы да он-он бес күнге созылса, жұт басталуы мүмкін.

Семейдің жергілікті тұрғындары қанша күннен бері жылусыз, жарықсыз отырғанын айтады. «Көпқабатты тұрғын үйлердің көбінде жылу жоқ, 40 градус аязда адамдар дірдектеп, тоңып отыр. Осыны айтайын деген халықтың дауысы әкімге жетпейді. Алда-жалда қолға түсіп қалған әкімдік қызметкерлері болса, көмір жоқ деген уәжді алға тартады. Бұл қалай? Қаламыздың дәл іргесінде Қаражыра көмір кен орны бар емес пе? Ондағы көмірдің де таусылып қалғаны ма, сонда? Оның үстіне, негізінен, қала басшылары тұратын үйлердің жылумен толық қамтамасыз етілгенін сырт көз көріп, біліп отыр», – дейді өзінің атын атамауды сұраған Семей тұрғыны.

Жуырда облыс әкімінің тапсырмасымен Семейде қаланың жылу жүйесінің аса қиын жағдайға тап болуына байланысты арнайы комиссия құрылды. «Семейдің жылумен қамтамасыз ететін «Жылукоммунаэнерго» атты негізгі мекемесіне биыл 328 млн теңге бөлінген болатын. Барлық сома әрбір тиынына дейін мекеменің шотына аударылған. Комиссияның міндеті – осы орасан қаржының не себепті қыс бітпей жатып тақыл-тұқыл таусылғанын анықтау. Қала басшылығы өздерінің коммуналдық мекемесіне дұрыс бақылау жасамағаны қазірдің өзінде белгілі», – дейді әкімдікте отырғандар. Сондай-ақ олар Семей қаласының қазынасында аталған проблеманы шешуге жұмсайтындай 178 млн теңге бар екенін айтады. Ал Семейдің қалалық мәслихат депутаттары облыс басшылығын қалаға жеткілікті мөлшерде қаржы бөлмеді деп айыптап отыр.

Ал таяуда бір газеттерде Семей қаласының әкімі базар аралап, базар бағасын бағып жүргені жазылған еді. Базарға дейінгі жолды қар басып, адым аттау жер мұң болғанда, бұл әкім базарда не бітіріп жүр деп ойлайсың.

Әлбетте, қаланың жағдайы осындай болғанда, ауылдың халін сұрамасаңыз да болады. Күні кеше теледидардан Аягөз бен Жарманың ортасында 60 адамның автобуспен шыңылтыр аязды далада 14 сағат тұрып қалғанын естідік. Аягөз демекші, ежелден ұлылар мекені саналатын өңірден тағы бір оқырманымыз хабарласты. «Қар белуардан келеді. Көктайғақ мұз. Жақында азынаған ақтүтек боранда алты адам айдалада адасып, үсіп өлді. Осындай қайғылы оқиғалар облыстың басқа да аймақтарында орын алып жатыр. Екі-үш күннің алдында Мақаншы мен Үржарға баратын жол жабылды. Зайсан, Күршім, Марқакөл аймақтарына көлік қатынамағалы айға жуықтап қалды. Ауылдардағы жағдай өте жаман. Халық қалт-құлт етіп, әрең отыр. Тура мағынасындағы жұт келе жатыр. Неге десеңіз, елдің жаз бойы жинаған шөбі таусылуға таяу. Құдайдың күні

қысуын тоқтатпаса, енді аз күнде малшыларда тігерге тұяқ қалмай, таяқ ұстап қалатын түрі бар», – деді ол кісі. Кезінде ел билеген, ауданда түрлі лауазымды қызметтер атқарған осы оқырманымыз бізге мына жайтты қынжыла жеткізді: «Мынадай қиын-қыстау күндерде халық ешқандай қамқоршысыз отыр. Әркім өзімен-өзі қалған. Әкімдіктің алды бос тұр. Халық «Әкім қайда? Әкімшілік қайда?» деп іздемейді де. Жергілікті биліктен әбден көңілдері қалған, түңіліп кеткен. «Соларды қойшы, не бітіреді дейсің?» – деп, қолдарын бір сілтейді. Баяғыда, біздің кезімізде қандай жағдай болса да адамдар кабинетімізге жылап-еңіреп тұрып, келіп алатын. «Сендер қайда қарап отырсыңдар?» – деп, кәдімгідей ұрсатын өзімізге. Елден алдымыз босамайтын. Ештеңе шешпесек те: «Осылар бізді пана тұтып келді-ау!» – деп, бұған біз қуанатынбыз. Қазір әкімдіктен ешкім үміт күтпейді. Оны ойлап жүрген аудан басшылығы жоқ. Жоғары жаққа өтірік есептер беріп, бірін-бірі тапсырыспен мақтатудан қолдары босамайды. Трагедияның ең үлкені – осы».

Ағамыздың айтып отырған «трагедиясы» облыстың барлық аймақтарына тән сияқты. Обалы не керек, шығыста биыл қыстың қатты болғанын барлық ақпарат құралдары жарыса айтып та, жазып та жатыр. Бірақ табиғаттың тосын мінезінен зардап шеккен жұртшылыққа көрсетілетін гуманитарлық және моральдық көмектер жайлы ешкім жақ ашпайды. Жалғыз ғана Семей қаласының жанындағы «Солнечный» елді мекеніне созылған жәрдем қолы биліктің барлық БАҚ-тары арқылы жан-жақты насихатталуда. Күндіз-түні көрсететіні – осы. Құдды бір бүкіл Шығыс Қазақстан бойынша тек «Солнечныйға» ғана қыс келген сияқты...

Десек те, бұл облыс емес, республика деңгейінде шешілетін мәселе екенін айтып жатудың қажеті жоқ шығар. Ел үкіметінің: «Қаржы жағы қолбайлау болып отыр», – деп ақталуы да орынсыз. Өйткені осы арада бір күдіктің құлағы қылтияды. Өткен аптада Шығыс Қазақстанға көрші Павлодар облысында биліктің ұйымдастыруымен «Нұр Отанның» фестивалі өтті. Салтанатты жиынға біршама қомақты қаржының бөлінгені де айтылып қалды. Осы тектес шаралар еліміздің өзге де аймақтарында қолға алынып жатыр. Осындайда билік партиясының халық қамын ойлап жүргеніне тағы да күмәндануға тура келеді. Себебі, бәріміздің көкейімізде: «Сол қаражат неге елдің шетінде, желдің өтінде суықтан қалжырап, қыларға қайран таппай отырған ауылдағы қазақтарға берілмейді екен», – деген сауал тұрады.

Еркебұлан НҮРЕКЕШ,
«D»